

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ауданды өлшеу. Аудан бірліктерінің арақатынасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25046/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Садыкова Айнагуль Сембаевна**Пәні: Математика****Сабақтың тақырыбы:** Ауданды өлшеу. Аудан бірліктерінің арақатынасы

Сабақтың мақсаты: оқушылардың аудан туралы және ауданды табуда алған білімдерін есептеулерде қолдана алу біліктерін дамыту үшін біріккен және өздік жұмыс түрлерін жүргізуге жағдай жасау

Сабақтың міндеттері:

- **білімділік:** аудан туралы алған білімдерін бекіту, ауданды өлшеу бірліктерінің арақатынасын анықтай отырып, ар өлшем бірлігімен таныстыру, игерген біліктерін іс – жүзілік тұрғыда қолдану, осы тақырып бойынша деңгейлерін анықтау;
- **дамытушылық:** ауызша және жазбаша математикалық тілдерін дамыту; логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, талдау, салыстыру, жинақтау дағдыларын дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын дамыту;
- **тәрбиелік:** танымдық, оқу еңбегіне деген көзқарасқа; коммуникативтік қарым – қатынас мәдениетіне, басқаларды тыңдау, өз ой – пікірін білдір, жұппен жұмыс істеуге; өзін – өзі бақылауға; математиканың қажеттілігін сезінуге тәрбиелеу.

Сабақтың типі: білім, білік, дағдыларын бекіту сабағы.**Әдіс - тәсілдер:** түсіндіру, сыныппен жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыс, топтық жұмыс**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі (1 мин.)
2. Үй тапсырмасын тексеру. (2 мин.)

Жеке оқушымен жұмыс

Тақтада үш оқушы үлестірмемен жұмыс жасайды.

Бір қорап печенье 23 кг. Осындай 7 қорап печенье неше кг?

$$500 \text{ кг} = \dots \text{ ц}$$

$$3 \text{ ц} = \dots \text{ кг}$$

$$4 \text{ т} = \dots \text{ ц}$$

Анасы дүкеннен 5 кг 400 г, ал қызы одан 3 кг 200 г жеңіл болатын сөмке әкеле жатыр. Екі сөмкенің салмағы қанша?

3. Игерген білімдерін тексеру (5 мин.)

Ауызша сұрақтар

1) Фигураның ауданы дегеніміз не?

Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

— Ауданды өлшегенде қандай бірлікті қолданамыз?

№1 Оқулықпен жұмыс. Парақ қағаздың, өшіргіштің, сынып тақтасының, сіріңке қорабының, үстелдің, оқулық мұқабасының ауданын қандай бірлікпен өлшеген қолайлы?

— Бақшаның, алаңшаның, бөлменің еденінің ауданын қандай бірлікпен өлшеген ыңғайлы?

№2 Кестені жаттап ал:

Ауданды өлшеу бірліктерін атаңдар: м^2 , см , дм^2 , а

Орналастырыңдар: өсу ретімен; кему ретімен атаңдар.

— Ең үлкен бірлік қалай аталады екен?

— Кестені жаттап алыңдар: $1 \text{ дм}^2 = 100 \text{ см}^2$

$$1 \text{ м}^2 = 100 \text{ дм}^2$$

$$1 \text{ а} (\text{ар}) = 100 \text{ м}^2$$

Армен қандай жердің ауданы өлшенеді?

$$2 \text{ (ә)} \quad 2 \text{ дм}^2 = 200 \text{ см}^2 \quad 4 \text{ м}^2 = 400 \text{ дм}^2 \quad 5 \text{ а} = 500 \text{ м}^2$$

$$300 \text{ см}^2 = 3 \text{ дм}^2 \quad 700 \text{ дм}^2 = 7 \text{ м}^2 \quad 400 \text{ м}^2 = 4 \text{ а}$$

— Ірі өлшемнен кіші өлшемге айналдыру үшін қандай амал қолдандық?

— Кіші өлшеммен ірі өлшемге айналдыру үшін ше?

№ 3. А) бөлігі ауызша орындалады.

— Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз?

Ә) бөлігін жазып көрсетеді. $8 \text{ дм} \cdot \text{а}$

Б) бөлігін тақтаға шартын жазып, есепті шығарады.

$$\text{а} - 10 \text{ дм}$$

$$\text{S} - 80 \text{ дм}^2$$

$$\text{b} - ?$$

$$\text{Ш: } 80 : 10 = 8 \text{ (дм)}$$

Ж: ені 8дм

№5 есепті талдай отырып шығарамыз.

А) бөлігінде ұзындықты емес, ауданы тауып аламыз.

Ә) бөлігін жазбаша орындаймыз.

Тік төртбұрыш мен шаршыны салыстыру.

— Қандай ұқсастық бар?

— Қандай айырмашылық бар?

№6 және 7 тапсырмалар талданып орындалады. Шаршыда бір ғана өлшем арқылы аудан мен периметрді табуға болатыны қорытындыланады. Шаршының периметрін табу үшін қабырғасын 4 - ке көбейтеміз.

- Шаршының ауданын табу формуласын жазыңдар.

— Тік төртбұрыштың ауданын табу формуласын жазыңдар.

5. Сергіту (1 мин.)

6. Игерген білімдерін қолдану (10 мин.)

№8 есепті талдай отырып, өздері орындайды.

Қорытынды: сұрақ-жауап

7. Үйге тапсырма №8 21 - бет

2) Өз бөлмелеріңнің ауданын табыңдар.

9. Рефлексия (2 мин.)

- Не білдік?

- Алған білімді қолдануға бола ма?

— Сабақта не қиын болды, қандай тапсырма жеңіл болды?

Бағалау

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.